

Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссия отырысының ХАТТАМАСЫ

Астана қ.
желтоқсан

2024 жылғы 3

Төрағалық етті: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т. Б. Дүйсенова

Қатысты: РҮК мүшелері және шақырылған адамдар (тізім бойынша)

1. Еліміздің кәсіпорындарындағы ағымдағы ахуал және Әлеуметтік шиеленістің алдын алу және әлеуметтік-еңбек жанжалдарын шешу жөніндегі жол картасының жобасын қарау туралы

(Дүйсенова, Сарбасов, Темірбеков, Даулеталин, Жаныкулов, Машкенов, Қаппаров, Пригорь, Иманкулова, Жаңбырбаев)

1. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі А.Ә.Сарбасовтың, Қаржы вице-министрі Д.О. Темірбековтің, «Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы» РҚБ төрағасы С.Т.Дәулеталиннің, «Paryz» Қазақстан Республикасы жұмыс берушілерінің (кәсіпкерлерінің) Ұлттық конфедерациясы» ЗТБ Төралқа төрағасы Ж.Е.Жанықұловтың, «Қазақстан Еңбек конфедерациясы» РҚБ бас хатшысы М.Р. Машкеновтің, «Қазақстан Еңбек конфедерациясы» РҚБ бас хатшысының орынбасары Б.К. Қаппаровтың, «Аманат» Қазақстан кәсіподақтар достастығы» РҚБ төрағасы А.И. Пригорьдің, Қазақстандық мәдениет, туризм, спорт және ақпарат қызметкерлерінің салалық кәсіподағының төрағасы С.К. Иманқұлованың, Қазақстан Республикасының «Paryz» жұмыс берушілерінің (кәсіпкерлерінің) Ұлттық конфедерациясы» ЗТБ төралқа мүшесі Қ.Қ. Жаңбырбаеваның еңбек қатынастарын реттеу мәселелері бойынша ақпараты назарға алынсын.

2. Әлеуметтік шиеленістің алдын алу және әлеуметтік-еңбек жанжалдарын шешу жөніндегі жол картасының жобасы (бұдан әрі – Жол картасы) мақұлдансын және бекітілсін.

3. Орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, республикалық кәсіподақтар бірлестіктеріне (келісу бойынша) және жұмыс

берушілердің республикалық бірлестіктері (келісу бойынша) Жол картасының сапалы және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

1) РҮК отырыстарын тоқсан сайынғы негізде өткізуді қамтамасыз етуге;

2) РҮК мүшелерінің әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық және өңірлік үшжақты комиссиялардың отырыстарына қатысу кестесін әзірлесін әрі енгізсін.

5. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктерімен бірлесіп:

1) жалақы бойынша берешекті болдырмау және өтеу жөнінде шаралар қабылдасын;

2) кәсіпорындарда қызметтік міндеттерін атқару кезінде жұмыскерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті әлеуметтік сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі шараларды күшейтсін.

6. Орталық мемлекеттік органдар:

1) РҮК жұмыс органы ретінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне тоқсанына кемінде бір рет отырыстар өткізумен, ақпарат бере отырып, әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық үшжақты комиссиялардың жұмысын жандандырсын;

2) барлық салаларды олардың мазмұнында еңбек заңнамасында көзделген ережелерді белгілей отырып, үшжақты келісімдермен қамтуды қамтамасыз етсін.

7. Қаржы министрлігі:

1) банкрот және оңалту сатысындағы кәсіпорындарда жалақы бойынша берешекті төмендету жөнінде шаралар қабылдасын;

2) оларды уақтылы төлемеген тиісті төлеушілердің міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары бойынша берешегін өтеуін қамтамасыз етсін.

8. Оқу-ағарту министрлігі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, жұмыскерлердің салалық бірлестіктерімен (келісу бойынша) және жұмыс берушілердің салалық бірлестіктерімен (келісу бойынша) бірлесіп 2024 жылғы 20 желтоқсанға дейінгі мерзімде «Ұлағат» білім және ғылым ұйымдары қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» ҚБ салалық келісімге қол қоюшылар құрамына енгізу мәселесін қарасын.

9. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері:

1) өңірлік үшжақты комиссиялардың отырыстарында еңбек жанжалдарының туындау қаупі жоғары, оның ішінде жалақы, әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі, өндірістік жарақаттанудың жоғары

деңгейі бар кәсіпорындар басшыларының тыңдауын тұрақты негізде қамтамасыз етсін;

2) өңірлік үшжақты комиссиялардың жұмысын жандандыруға, оның ішінде көшпелі отырыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін;

3) өңірлердің кәсіпорындарында әлеуметтік-еңбек жанжалдарына жол бермеу және олардың алдын алу жөніндегі жұмысты жүргізісін.

10. **Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің аумақтық департаментімен, Қазақстан Республикасы «Paryz» жұмыс берушілерінің (кәсіпкерлерінің) Ұлттық Конфедерациясы» ЗТБ (келісу бойынша) және республикалық кәсіподақтар бірлестіктерімен (келісу бойынша) бірлесіп 2024 жылғы 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде өңірлік үшжақты комиссия базасында үшжақты әлеуметтік алаң құру мәселесін пысықтасын және оның жұмысын 2025 жылғы қаңтарда іске қосуды қамтамасыз етсін.**

2. «Qarmet» АҚ еңбек қатынастары, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша жүргізіп жатқан жұмысы туралы

(Дуйсенова, Басин, Таурбеков)

1. Бас директор В.Б. Басин мен Қарағанды облысы әкімінің орынбасары О.К. Таурбековтың «Qarmet» АҚ-дағы және Қарағанды облысындағы еңбек қатынастары, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі ақпараты назарға алынсын.

2. «Qarmet» АҚ:

1) цифрландыруды және жаңа жабдықтарды, машиналар мен техниканы енгізуді ескере отырып, еңбек нормативтерін (уақыт, өндіру, қызмет көрсету, Сан нормалары) өзектендірсін;

2) кәсіпорынның жұмыс орындарын, жұмыс жабдықтарын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келтіруді қамтамасыз етсін;

3) кәсіпорында жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ететін заманауи жабдықтарды, машиналар мен техниканы енгізу жөніндегі жұмысты жалғастырсын.

3. **Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі РҮК** әрбір отырысында ірі кәсіпорындардың басшыларын тыңдау тәжірибесін жалғастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері және кәсіптік одақтардың республикалық бірлестіктері арасындағы 2024-2026 жылдарға арналған Бас келісімді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

(Дүйсенова, Сарбасов)

1. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі А.Ә. Сарбасовтың Қазақстан Республикасының Үкіметі, жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері және кәсіптік одақтардың республикалық бірлестіктері арасындағы 2024-2026 жылдарға арналған Бас келісімді іске асыру жөніндегі іс – шаралар жоспарын (бұдан әрі-іс-шаралар жоспары) әзірлеу жөніндегі жүргізілген жұмыс туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Іс-шаралар жоспары мақұлдансын және бекітілсін.

3. Орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, республикалық кәсіподақтар бірлестіктеріне (келісу бойынша) және жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктеріне (келісу бойынша) іс-шаралар жоспарының сапалы және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі іс-шаралар жоспарының іске асырылуына мониторинг жүргізуді қамтамасыз етсін.

5. Осы хаттаманың орындалуын бақылау Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары

Т. Дүйсенова

Подпись канцелярии

07.12.2024 13:50 БАЙЗАКОВА САМАЛ

Подпись руководителя

07.12.2024 13:30 ДҮЙСЕНОВА ТАМАРА



Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№ Д-3713//16-04/Б-2289 от 09.12.2024 г.
Организация/отправитель	АППАРАТ ПРАВИТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Получатель (-и)	МИНИСТЕРСТВО ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

[[QRCODE]]

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.